

**Білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 30.07.2024 жылғы №194 бұйрығына сәйкес  
**БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2024-2025 оқу жылынан бастап облыстың барлық білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі орта, техникалық және кәсіптік) меншік түріне қарамастан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын енгізілсін.

**2. Бұйрыққа қоса берілген қосымшаларға сәйкес:**

- 2.1. Бұйрықтың №1 қосымшасына сәйкес «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы бекітілсін;
- 2.2. Осы бұйрықтың №2 қосымшасына сәйкес облыстың білім беру ұйымдарында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру бойынша өңірлік іс-шаралар жоспары бекітілсін.

**3. Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшылары:**

- 3.1. Меншік нысанына қарамастан аталған бұйрық ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарына жеткізілсін.
- 3.2. Меншік нысанына қарамастан білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырарқылы «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын іске асыру қамтамасыз етілсін.

**4. Аудандық (қалалық) білім бөлімдерінің басшылары техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары мен облыстық интернаттардың директорлары:**

- 4.1. Білім берудің барлық деңгейлеріндегі ұйымдардың педагогикалық кеңесінде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы таныстырылсын.
- 4.2. Білім беру ұйымдарының 2024-2025 оқу жылына арналған тәрбие жоспары әзірленіп бекітілсін.

**5. Облыстық білім басқармасының қосымша білім беру және тәрбие жұмыстары бөлім (Г. Бакиева), облыстық әдістемелік орталық директоры (Г. Аянова):**

- 5.1. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы бойынша әр тоқсан сайын мониторинг жүргізілсін;
- 5.2. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы шеңберінде озық іс-тәжірибелер таратылсын;
- 5.3. Инстаграм әлеуметтік парақшасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының бірыңғай парақшасы ашылып, бағдарламаның жүзеге асырылу барысы насихатталсын.

6. Облыстық білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 «Облыстың білім беру ұйымдарында (мектепке дейінгі, орта және кәсіптік-техникалық білім) «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын» енгізу туралы бұйрығының күші жойылсын.

7. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басқарма басшысының орынбасары Н. Бертлеуоваға жүктелсін.

8. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

**Басқарма басшысы**

**Ж. Сұлтан**